

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

5. Словарь-справочник по социальной работе / Под ред. Е.И. Холостовой. - М.: Юрист, 2000.- с. 315.
6. Социальная работа / Под общей редакцией В.И. Курбатова. Серия «Учебники, учебные пособия» - Ростов-на-Дону: Феникс, 2000.- с. 29.
7. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы № 886. 27 маусым 2001 ж.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мыхыбаев М

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
mr.myhybaev@mail.ru

Қазан төңкерісіне дейін (1917 ж.) Қазақстан аумағында халық көшпелі өмір кешті және басым бөлігінде мал өсірумен және маусымдық жайылымдарды пайдалану арқылы мал өнімдерін өндірумен айналысты. Халықтың аздаған бөлігі елдің оңтүстігінде орналасқан елді мекендерде болатын. Отырықшылды өмір сүру мен суармалы жерлердің болуы оларға басым бөлігінде өсімдік шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік берді. Бірінші де, екінші де жағдайларда өңірдің ауылшаруашылық өндірісі ауылдық аймақтардың барлық ресурстарын қолдану деңгейі төмен шағынтауарлы және тұтынушылық сипатта болды.

Экономикалық әдебиетте, 1928 жылы республикада оның экономикасын қалпына келтіру негізінен аяқталды деп көрсетіледі. 1932 жылы өнеркәсіптің төңкеріске дейінгі деңгейі екі және одан көп есе ұлғайды, ал оның жалпы өнім көлеміндегі үлесі 1920 жылғы 6,3%-ға қарағанда 40%-ға дейін өсті, бұл өндірісті жаңарту, оны техникамен энергиялық жарықтандыруды өсіру, ауылшаруашылығын дамыту үшін негіз болды. Өткен ғасырдың 40-шы жылдарының басында республика аграрлықтан индустриалдық-аграрлыққа айнала бастады [1].

Республиканың ауылдық аймақтарының дамуына, халық саны мен оның таралуының өсуін ескергенде, тың және тынайған жерлерді игеру оң ықпал етті. Нәтижесінде республикадағы бүкіл егістік ауданы 1953 жылғы 9,7 млн. гектарға қарағанда 1960 жылы 28,5 млн. гектарды құрады немесе 2,9 есе өсті. Дәнді дақылдар 21,9 млн. гектарда өсіріліп, 1953 жылмен салыстырғанда 3,1 есе көп болды.

1954-1956 жылдары Қазақстанға 640 мың адам, соның ішінде, 390 мың механизатор, 50 мың құрылысшы, астық қабылдау пункттерінің 20 мың қызметкері, 3 мыңға жуық медицина қызметкерлері келді, ауылшаруашылық құрамалардың 700-ден аса орталық мекендері, ең алдымен, кеңшарлар ұйымдастырылды. Республика аумағында жаңа жолдар мен электр беріліс желілері пайда болды, тіршілік әрекетінің жаңа нысандары: тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, әуежайлар, малшаруашылық кешендері, ғылыми орталықтар орналасты.

Социалистік құрылыс кезеңінде мал шаруашылығы да дамыды. 1990 жылға қарай республикада 9,7 млн. бас мүйізді ірі қара, 35,6 млн. бас қой-ешкі, 1,6 млн. бас жылқы, 143 мың бас түйе, 60 млн. шамасында құс болды. 1990 жылы 1,6 млн. т (сойылған түрде) ет, 5,6 млн. т сүт, 4,1 млрд. дана жұмыртқа өндірілді. Кеңес Одағы тараған кезде бұрынғы Қазақ КСР-ы аумағында 19 облыс пен 220 аудан, 406 ұжымшар мен 2125 кеңшарды біріктірген 2704 селолық және ауылдық (поселкелікті қоса алғанда) кеңестер әкімшілік бірлік болып табылды [2].

Бірақ, республика экономикасы үшін, бүкіл елдегі сияқты, көпшығындылық, өндіруші күштерді тиімсіз орналастыру тән болатын. Ауылшаруашылық өндірісі басым бөлігінде экстенсивті түрде, яғни, ауылшаруашылық дақылдарының алқаптарын кеңейту және мал

басын көбейту жолымен дамыды. Ауылшаруашылығының өнімі шығындарды ескерусіз, қайткен күнде де жүргізіліп, бұл шаруашылық жүргізудің жоғарышығынды жүйелеріне алып келді. Тым артық орталықтандыру, жоғарыдан жоспарлау жекеленген өңірлердің табиғи және экономикалық жағдайларының ерекшеліктеріне, аймақтық айырмашылықтарына сай оңтайлы орналастыру негізіндегі тиімді өндіріс үшін орын қалдырмады. Ауылшаруашылығының субъектілері, ең алдымен кеңшарлар, өткізу нарығын ескерусіз, көлік магистралі мен коммуникациялардан алыс жерлерде құрылды. Экономиканы нарық жолына ауыстыру кезеңіндегі агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы тоқырау, ауылшаруашылық өндірісі тиімділігінің құлдырау мен төмендеу себептері, саладағы қалпына келтіру үдерісінің созылмалы сипаты көбінесе осымен түсіндіріледі. Осының барлығы түптің түбінде ауыл халқы тіршілігінің әлеуметтік жағдайларына теріс ықпал етіп, жұмыс орындарының қысқаруына, жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуының төмендеуіне, ауылдық аймақтардың тиімсіз пайдалануына соқтырды.

Елдегі аграрлық реформаны жүзеге асыру үдерісінде шаруашылықтардың меншіктің жекешелік формасына негізделетін ұйымдық-құқықтық құрылымы түбегейлі өзгерді. Өз кезегінде бұл жоғарытауарлы ауылшаруашылық кәсіпорындардың ұсақталуымен және шағынтауарлы өндірістің кеңеюімен бірге жүрді.

Осындай өзгерістер фонында 1993 жылы (желтоқсан) ҚР-ның «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңы қабылданып, соған сәйкес оның аумағында болатын барлық елді мекендер қалалық және ауылдық болып бөлінеді. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық мағынадағы қалалар, сондай-ақ поселкалар кірді. Ауылдыққа – қалған елді мекендер кірді. Сонымен қатар, 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында әділ көрсетілгендей, елімізде тұрғындар саны 50 адамнан кем ауылдық елді мекендердің 588 бірлігі, станциялар мен разъездердің 239 бірлігі болды.

Мұның сыртында, 320 село қалалардың аумақтық шекараларына қосылды. Оларда, жалпы алғанда өздерін ауыл халқымыз деп есептейтін, басым бөлігінде ауыл шаруашылығымен айналысатын 0,5 млн. адам тұрып жатыр [3].

Жоғарыда айтылған Заңға сәйкес бұрынғы селолық және ауылдық кеңестер базасында қазір қызмет етіп жатқан, 50-ден аса адам тұрып жатқан және ауылшаруашылығы саласындағы жұмыс сондағылар үшін негізгі әрекет болып табылатын барлық елді мекендерді ауылдық елді мекендерге жатқызған селолық округтар құрылды. Қазіргі кезде республика аумағында 160 ауылдық аудан, 2503 селолық (поселкалық әкімшіліктерді қоса алғанда) округтар бар және олар саны 7,4 млн. адам тұратын 7172 селолық елді мекендерді біріктіреді.

Қазір жұмыс істеп отырған ауылшаруашылық кәсіпорындарының көпшілігі, соның ішінді шаруа қожалықтары да, ресурстарды үнемдеуге, топырақ құнарлылығын арттыруға, қолданыстағы ауылшаруашылық жерлердің жоғары қайтарымына негізделген тиімді аймақтық технологияны қолданудан қалып келеді. Көптеген шаруа (фермер) қожалықтары алып жатқан жер телімдері шағын және оларды өңдеу үшін жоғары өндірімді машиналар қолдануға контуры келмейді, қолданыстағы техника мен технологиялық жабдық көп жағдайда моралдік те, физикалық та тұрғыдан ескірген болып табылады.

Қаржылық және материалдық ресурстардың шектеулілігіне байланысты көптеген шаруа қожалықтарының жерді, өздерінің жер телімдерін жүйелі және ретті түрде жақсартуға, соның ішінде егіншілік пен мал шаруашылығында тиімділігі жоғары тәсілдер қолдануға жағдайлары жоқ. Шаруашылық жүргізудің төменгі деңгейі мен монодақыл, энергия сиымды техника мен айналымдық қордың (құралдардың) жетіспеушілігі кезіндегі технологиялардың кенжелеп қалуы шаруашылық жүргізудің шағын формадағы субъектілерінің басым болуын туғызады. Энергия тасымалдаушылардың монополиясы, саланың ірі көлемдегі инвестиция салымдарына тартымсыздығы тұтастай ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігінің төмендеуіне соқтырады.

Ауылдың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру агроөнеркәсіптік өндіріс пен ауылдық аумақтардың тиімділігін арттырудың мәнді факторы болып табылады. Бұл салада Мемлекеттік агро-азық-түліктік бағдарламаны, ауылдық аумақтарды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын және басқа да инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде оң алға басулар байқалды, қазақстандық селолар мен ауылдардың әлеуметтік келбеті едәуір жақсарды, ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымының нысандары жаңарды. Ауыл халқының жиынтық кірістерінің мөлшерінде белгілі бір оң өзгерістер жүріп жатыр, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің тіршілігіндегі материалдық деңгей көтерілуде.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы келесідей тұжырымдар жасауға негіз болады:

- нарықтық экономика жағдайында ауылдық аумақтардың дамуы нарықтық механизмдермен реттеледі. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі бар экономикалық потенциалды тиімді пайдаланудың жүйелік шарттары мемлекеттің қатысуымен және басты рөлде болуымен қамтамасыз етілуі тиіс;

- аумақтық даму үдерісін реттеу саласындағы мемлекеттің міндеті өндірістік және еңбек потенциалдарының экономикалық келешегі бар аудандар мен тіршілік әрекетіне қолайлы аумақтарға шоғырлануын ынталандыру, нарық субъектілерінің экономикалық белсенділігінің өсуі үшін тиісті жағдайлар туғызу;

- таратып орналастыру мен ақмақтық дамудың бұрынырақ қалыптасқан жүйесі тиімсіздігін көбірек, әсіресе нарықтық экономика тұрғысынан да, әлеуметтік-экономикалық түсінік бойынша тиімділігін нашар жағынан көрсетуде, халықты ауылдық жерлерге таратып орналастыру орын алды, ауыл халқы үшін біл мен медициналық қызметтерге қолжетімділік көліктік қолжетімділік (жолсыздық, жол жүру ақысының жоғары болуы есебінен) төмендеді, өмір сүру ортасы өзгерді, т.с.с.;

- елдің жалпы орналастыру желісі мен аумақтық құрылымының құраушы бөлігі ретіндегі ауылдық таратып орналастыруды басқару оның өндіруші күштерін орналастыру және дамыту ықпалымен ауылдық қоғамды тиімді басқарудың әлдеқайда жетілдірілген формалары мен әдістерін қолдануды болжамдайды.

Қазақстандағы аумақтық басқару механизмі вертикаль бойынша іске асырылады, бұл бірыңғай әлеуметтік-экономикалық саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді. Елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғызылуының көпдеңгейлі құрылымы бар, ол аумақтық түзілімдердің жиынтығы түрінде берілген. Өз кезегінде аумақтық түзілімдер жалпы мемлекеттік жүйеге қосылған және өңірлік пен жергілікті деңгейлерге бөлінеді. Өңірлік деңгей он төрт облыспен және республикалық мәндегі екі қаламен, қалыптасқан Алматы және Астана мегаполистерімен берілген. Жергілікті деңгей аудандардан, шағын және орта қалалардан, қалалық және ауылдық елді мекендерден тұрады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңы жергілікті басқару органдарының тізбесі мен аумақтық құрылымын анықтаудың құқықтық негізі болып табылады. Осыдан шығатыны, жалпы алғанда елімізде бұрын қалыптасқан, облыстар, республикалық мәндегі қалалар, әрі қарай аудан, қала, поселок, ауыл (село) кіретін әкімшілік-аумақтық бөлініс сақталынған. Сондай-ақ, Заңда экономикалық басқарымдылықты қамтамасыз ету мақсатында, қаладағы аудан және селолық (ауылдық) округ сияқты бірліктер қарастырылған. Бұл ауыл (село) мен ауылдық аудан арасындағы аралық әкімшілік бірлік. Республикадағы мемлекеттік басқаруды реформалау жылдарында, қоғамдық және экономикалық қатынастардағы түбегейлі өзгерістермен қатар, әкімшілік-экономикалық құрылымда да реформалар жүзеге асырылды. Мысалы, 2000 жылдан осы уақытқа дейін, жоғарыда айтылған республикалық мәндегі екі қаладан басқа, облыстар 19-дан 14-ке дейін қысқарды. Осы кезеңде әкімшілік аудандардың саны 269-дан 237-ге дейін қысқарды. Қазіргі кезде ауылдық аудандар саны 160 бірлікті құрайды.

Өңірлік және жергілікті билік органдарының ұлттық экономикадағы маңызды рөлін мойындай отырып, аумақты дамыту механизмін қалыптастыру бойынша белгілі бір шаралар қабылдануда. Жалпы алғанда, аумақтық түзілімдердің динамикасын қарастыратын болсақ,

2005 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша поселкелер саны 172 бірліктен 2008 жылдың 1 қаңтарында қарағанда 106-ға дейін азайды. Ауылдық елді мекендердің саны 2011 жылдағы 7347-ден 2015 жылы 7105-ке дейін қысқарды [4].

Өңірдің әкімшілік-аумақтық құрылымын тиісті заңнамалар шеңберінде өзгерту мақсаттылығы туралы мәселесін мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз бетімен шешеді. Мысалы, Қарағанды облыстық мәслихатының сессиясында облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымы өзгертілді. Сөйтіп Шахтинск қаласының аумағы шекаралас ауылдық аудандардан кесіп алынған жерлердің есебінен ұлғая түсті: бұл қалаға Бұқар Жырау ауданынан 4500 гектар және Абай ауданынан 220 гектар жер телімі берілді. Мұндай өгерістердің мақсаттылығы, аумақтың берілген телімдерінде көмірдің ірі кенінің табылуымен түсіндіріледі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан алғанда оларды аграрлыққа қарағанда өнеркәсіптік өндірісте пайдаланған әлдеқайда тиімді [5].

Бұл жерде, кеңістіктік сараланудың азаюы тиісті әлеуметтік-экономикалық түрлендірулерді іске асыру үшін қрайлы жағдайлар туғызатынын атап өткен жөн. Дегенмен, қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық сараланудың сақталуы кезінде жақын және орташа мерзімдегі келешекте өңірлерді теңестіру туралы әңгіме болып отырған жоқ. Сондықтан, экономикалық дамуы төмен өңірлердің артта қалуын төмендету үшін жергілікті халықтың экономикалық белсенділігін ынталандыру, олардың жұмыспен қамтылуын арттыру, жұмыссыздықты жену, ауыл тұрғындарының жеке кәсіпкерлікті, базалық сала ретіндегі ауылшаруашылық өндірісті, ең алдымен ауылдық жердегі ауылшаруашылықтық емес экономикалық әрекетті дамыту жолымен лайықты кірістер алуына қосымша жағдайлар туғызу қажет.

Сонымен қатар, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша айырмашылығы республикалық бюджеттен бөлінетін әлеуметтік трансферттерге (зейнетақылар, әртүрлі жәрдемақылар, минималды еңбекақы, т.с.с.) деген сараланған келістің мақсаттылығын болжамдайды. Стратегиялық келешекте аумақтық басқаруды жетілдіру мақсатында жаңа немесе осы уақытқа дейін қалаланбаған кеңістіктің жеткілікті ескерілмеген функцияларын анықтаған жөн сияқты. Сонымен қатар, ауылдық аумақтарды тиімді дамытуға олардың тарихы, халықтың менталитеті, өнімді өткізу мен қызметтер көрсету нарығының дамығандығы белгілі бір ықпал ететінін атап өткен жөн. Осыдан, ауыл халқын оңтайлы таратып орналастыру проблемасының көкейкестілігі туындайды, ол туралы Елбасы былай дейді: «... Қазақстанда тарихи түрде, әсіресе командалық экономика дәуірінде, адамдарды ауылдық жерлерге таратып орналастыру нарықтық экономика тұрғысынан да, әлеуметтік және экологиялық түсінік бойынша сәтсіз қалыптасты. Нәтижесінде көптеген ауылдық аудандар үшін депрессиялық экономика сипатты болды». Бұл ауылдық экономиканы тиімді реттеу мен әрі қарай іске асыру үшін ғылыми негіздер жасау қажеттілігін туғызды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Послание Главы государства народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана», 29.01.2010 г.
2. Есполов Т.И., Куватов Р.Ю., Керимова У.К. Повышение эффективности сельского хозяйства Казахстана в условиях интеграции с внешними рынками: Учеб. — Алматы: Изд-во «Научно-исследовательский и консалтинговый институт агробизнеса при КазНАУ», 2004. — 265 с.
3. Перестройка аграрного сектора экономики: Пособие для экономического выбора в АПК / Под. ред. Р. И. Тонконога. – М.: Агропроиздат, 19.
4. Осипов Ю. М. Основы теории хозяйственного механизма. – М.: МГУ, 2003.
5. Агентство РК по статистике. Статистический ежегодный сборник. «Регионы Казахстана 2005-2008 гг.».- Астана, 2014.